



Төтенше жағдай

Сел қаупі сейілді

Өткен аптада бірнеше күн бойы толассыз жауған нөсер жауынның салдарынан таудан бастау алатын өзендердегі су деңгейі күрт көтеріліп, тау бөктеріндегі бірқатар аумақтарда төтенше жағдай қаупі туындады. Алайда мемлекеттік органдардың жедел әрі үйлесімді жұмысының нәтижесінде тұрғындар мен туристердің қауіпсіздігі толық қамтамасыз етіліп, қазіргі таңда жағдай тұрақтанып, қауіп сейілді.




Табиғаттың тосын мінезі ең алдымен Түрген шатқалы мен оның маңындағы туристік аймақтарға әсер етті. Су деңгейінің көтерілуі салдарынан Түрген – Асы автомобиль жолының 25-шақырымындағы учаскені су басып, өзен бойындағы демалыс орындарына қауіп төнді. Түрген өзенінің 6-9 шақырым аралығында орналасқан демалыс аймақтарындағы бірнеше

киіз үйді су басып, қолдан жасалған жаяу жүргіншілер көпірлерінің бірқатары ішінара зақымданды. Сонымен қатар УАК бойындағы автомобиль жолының 54 шақырымындағы көпірді де су шайып кетті. Айта кету керек, бұл көпір өткен жылы апатты деп танылған болатын.

(Жалғасы 2-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес, Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауы 2026 жылғы 23 тамызға белгіленді.



23 тамыз – Құрылтай сайлауы

«Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауын 2026 жылғы 23 тамызға тағайындаймын», – делінген құжат мәтінінде.



Жарлыққа сәйкес, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындалу және өткізу науқанын ұйымдастыру тапсырылды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі,

астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдау тапсырылды.

Айта кетейік, жаңа өкілетті орган бес жыл мерзімге сайланатын 145 депутаттан тұрады. Құрылтай сайлауынан кейін Қазақстан Үкіметі отставкаға кетеді.

Құрылтайдың бірінші шақырылымы жұмысын бастағаннан кейін Президент екі ай ішінде Құрылтайдың келісімімен вице-президентті тағайындауы тиіс. Осы мерзімде Конституциялық соттың төрағасы мен судьялары, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палатаның төрағалары және мүшелері тағайындалады. Жаңа құрам жасақталғанға дейін бұл органдардың қазіргі басшылары өз өкілеттіктерін сақтайды.

12 шілде – Балық шаруашылығы қызметкерлерінің күні

Елімізде шілде айының екінші жексенбісі балық шаруашылығында еңбек еткен адамдардың мерекесі аталып өтеді. Соған сай балық шаруашылығы ерекше дамып, атакәсібіне айналған Көлді ауылы биыл ерекше мерекелік көңіл күйге бөленді. Балық шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара бұл жолы тек кәсіби мерекені ғана емес, Социалистік Еңбек Ері, «Ленин» орденінің иегері, Арал мен Жетісу өңіріндегі балық шаруашылығының дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген Төлеген Әлімбетовтің туғанына 100 жыл толуымен сабақтасты. Сондықтан да бұл жиын қарапайым мерекелік басқосу емес, ел еңбегін ұлықтаған, тарихи тұлғаға тағзым жасаған тағылымды шараға айналды.

Су маржанын сүзген еңбек

Мереке қарсаңында Көлді ауылында балық өндіру шаруашылықтары мен акваөсіру субъектілерінің жұмысы таныстырылған көрме ұйымдастырылып, саладағы соңғы жетістіктер көпшілік назарына ұсынылды. Шараға облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қанат Ақылұлы, Балқаш-Алакөл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының басшысы Ринат Маратұлы, аудан әкімінің орынбасары Ерболат Сарабеков, сала ардагерлері, кәсіпкерлер, балық шаруашылығының мамандары, ауыл тұрғындары қатысты.

Жиында сөз алған мәртебелі қонақтар балық шаруашылығы – ел экономикасы мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды салалардың бірі екенін атап өтіп, табиғат байлығын сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізу жолында аянбай еңбек етіп жүрген барша балықшыларға алғыс білдірді. Сондай-ақ сала ардагерлері Жарқынәлі Каукерұлы, Махамбетали Ізмағамбетұлы, Арыстан Әлімбетұлы және Жадырасын Атағұллаұлы көп жылғы еңбек жолынан сыр шертіп, бүгінгі буынға ақ батасын берді.

Жиынның басты ерекшелігі – Төлеген Әлімбетовтің ғасырлық мерейтойының кең көлемде аталып өтуі болды. Сахнадағы LED-экраннан алдымен оның өнегелі ғұмыры мен

ерен еңбегін баяндайтын арнайы бейнеролик көрсетіліп, көрермендерді өткен тарихқа жетеледі. Кейіннен Алматы облысының Құрметті азаматы, кезінде Шелек ауданының әкімі болып қызмет атқарған, Төлеген Әлімбетовпен бірге еңбек етіп, көзін көрген Елеусіз Сұлтанғазиев пен Алматы облыстық мәслихатының төрағасы Қуат Байғоджаев бейнеқұттықтау жолдап, еңбек ерінің халық алдындағы еңбегіне жоғары баға берді.

Төлеген Әлімбетов – тек даңқты балықшы ғана емес, Көлді ауылының қалыптасу тарихымен тағдыры біте қайнасқан тұлға. Арал өңірінде еселі еңбек етіп, Социалистік Еңбек Ері атанған азамат 1976 жылы Қазақ КСР Балық шаруашылығы министрлігінің арнайы шақыртуымен сол кездегі Шелек тоған шаруашылығын дамыту үшін Алматы облысына қоныс аударады. Ол жалғыз келген жоқ. Өзінің бірнеше ағайын-туысын ертіп келіп, жаңа өңірде балық шаруашылығының негізін қалауға кірісті.

Кейін оның соңынан Арал өңірінен тағы көптеген балықшы отбасылары көшіп келді. Бүгінде Көлді ауылында екі жүз елуге жуық аралдық отбасы өмір сүріп жатыр. Сондықтан бұл ауылды тұрғындардың өздері де «аралдықтардың ауылы» деп атайды. Бір адамның бастамасы тұтас ауылдың тағдырын өзгертіп, жаңа еңбек



ортасының қалыптасуына жол ашты деуге толық негіз бар.

Төлеген Әлімбетов Қапшағай су қоймасында кәсіптік балық аулауды жолға қоюға, тоған шаруашылығын дамытуға, шабақ өсіру ісін жетілдіруге, жас мамандарды тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты. Денсаулығы сыр бергеніне қарамастан өмірінің соңына дейін сүйікті кәсібінен қол үзбей, тәжірибесін кейінгі буынға үйретумен болды. Оның еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, ең жоғары марапаттарға ие болды.

Шара барысында сөз сөйлеген азаматтардың барлығы дерлік Төлеген Әлімбетовтің есімін ерекше ілтипатпен атап өтті. Оның еңбекқорлығы, ұйымдастырушылық қабілеті, адамгершілік қасиеті, Көлді ауылының өсіп-өркендеуіне сіңірген еңбегі кеңінен айтылды. Сонымен қатар мерейтой қарсаңында Көлді ауылына Төлеген Әлімбетовтің есімін беру жөніндегі ұсыныс тағы да көтеріліп, ауыл тұрғындарының бұл тілегі қолдау тапқаны айтылды. Өзірге бұл мәселе түпкілікті шешілмегенімен, көпшілік та-

рихи тұлғаның есімі туған еңбегімен біте қайнасқан ауылда лайықты дәріптелуі керек деген ортақ пікір білдірді.

Салтанатты жиында балық шаруашылығының дамуына ерекше үлес қосқан ондаған азаматқа Алматы облысы әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары, ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, Құрмет грамоталары, Алғыс хаттары және балық шаруашылығы комитетінің ведомстволық марапаттары табысталды. Бұл – адал еңбек иелеріне көрсетілген лайықты құрметтің жарқын көрінісі болды.

Мерекелік шарада концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Ән мен күй, ақжарма тілектер мерекенің мазмұнын байыта түсті.

Шара аяқталған соң Төлеген Әлімбетовтің ұрпақтары мерекеге жылған қонақтар мен ауыл тұрғындарына ауылдық мешітте ас беріп, аталарының аруағына құран бағыштады.

Ринат НАРХАНОВ.